

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

БАЯНДАМА

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА
ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР БОЙЫНША ОЙЫН
ТҮРЛЕРІН ЖҮРГІЗУ

Дайындаған: Искендірова
Гүлжамила

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев “Қазақстанның болашағы –қазақ тілінде” және “Тіліміздің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінің қолданылуындай болып қолданылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу керек” деген тұжырымдары бар.

Қазақ тілін оқытуда ұстаздар қауымы ең алдымен осы тұжырымдарға сүйенгеніміз абзал. Қазақ тілі-эстетикалық талғамы зор тіл. Көркем өнерін, мақал-мәтелін, қанатты сөзін, теңеулерін, бейнелі сөзін, өлең сөздері мен даналық талғамын –барлығын нұрландырып тұрған нәрлі тіл- қазақтың баба тілі, қазақтың ана тілі. Осылардың бәрін шәкірттерге танытып, бойларына сіңіру үшін бүгінгі күннің қазақ тілі мұғалімі адам ретінде ұлт рухын асқақтатын,аспандатын нағыз шебер болуы хақ. Яғни ,тілді басқа ұлт оқушыларына оқыту-негізгі мәселелерді шешудің басты тетігі.Бүгінгі таңда оқытудың түрлі жаңа педагогикалық технологияларының туындауы да осының дәлелі .XXIғасырдың үлкен жетістігі ақпаратты-қатынастық технология құралдарымен етене байланыс.Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында білім беру ісіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу міндетін қояды.

Білім мазмұнын жүзеге асыру үшін дәстүрлі оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдерін түбегейлі өзгерту негізгі мәселенің бірі болады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесін ақпараттандыру ісінің басты мақсаты-заман талабына байланысты ақпараттық қоғамның шарттарына сәйкес оқушыларды тұрмыстық қоғамдық және кәсіптік өмір салаларына толық әрі тиімді түрде араластыру болып табылады.

Оқу мен тәрбие саласындағы мұғалімдердің алдында тұрған аса маңызды міндет –талабы таудай дарынды жеке тұлғаны іздеп тауып .оны жетілдіріп шығару.

Қазіргі кезеңде мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған маңызды жауапты міндеттің бірі-оқушыға тиянақты білім беру.Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдіс –тәсілдерін өз тәжірибесінде таңдап алуы қажет

Қазіргі педагогика теориясы жаңашылдыққа бет бұрып ,білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болумен жаңа технологиялар өмірге келді.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану-оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді.Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

- Қазіргі кезде неліктен білім технологиясы жайлы көп айтылуда? Жаңа заманымыздың білім жүйесі оқу-тәрбие үрдісінде технологиядағы түрлілігімен сипатталады.Бүгінгі таңда педагогикалық технологияға ерекше көңіл бөлудің себебі неде?Біріншіден, педагогикада іскерлік жүйесінің жаңа жолын табуға қажеттіліктің тууы. Екіншіден , оқытуда жеке белгілей оқыту, білім беру тиімділігін арттыру. Ең соңында технологияны жобапау –оқушы мен ұстаз арасындағы өзара қатынасты қапыптастырып, білімге қызығушылығын арттыруды бір жүйеге келтіру, әдіс-тәсілдердің түрлерін енгізу.Олай болса, дәл қазір бізге осы педагогикалық жүйені дамыту, оны практикада пайдалану шарт.
- Бұл жетістіктерге тәжірибе алмасу және жалықпай іздену арқылы жетеді.Демек білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту –бүгінгі күннің объективті заңдылығы. Білім беруде оқушыны білім ақпаратымен қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың бойында бағдарламалық дағдылар мен икемдерді де қалыптастырып , шығармашылық пен жұмыс істеуге үйретуіміз керек.Тиімді әдістердің бірі-электрондық оқулықтармен жұмыс істеу.
- Компьютермен өткізілген әрбір сабақтан соң оқушы тест, бақылау жұмысы арқылы өз білімдерін бекітеді,.Бала өз білімін өзі тексере алады, оқушы өз бетінше оқуға қызғады, өз білімін көтеруге ұмтылады.Компьютерге тест, бақылау жұмыстарын, тәжірибелік тапсырмалар әзірлеу дәстүрге айналды.
- Қазақ тілін оқыту үрдісінде ақпаратты технологияны қолдану ең алдымен оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген ынтасын ,қызығушылығын арттырады. Оқушылар теориялық білімін өздерін – өздері тексеру арқылы әрі қарай жандандырады.
- Сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, оқушылардың ойлау,жұмыс істеу қабілеті дамиды.Өз беттерінше де ізденіп, бағдарлама дайындауға шығармашылық шабыт алады.
- Ал,ақпараттық технологияны қолдану оқушыға не береді?
- Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар,шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады,оқуға деген қызығушылығын арттырады,уақытында тапсырмаларды орындай алады,ғылыми – зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі,уақытты үнемдейді,қайталау мүмкіндігін кеңейтеді, орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

- Қазақ тілін үйренуде бастапқы мақсат коммуникативтік бағытта оқыту.Осылай біз оқушылардың жалпы ойларын бір жүйеге келтіріп,жақсы психологиялық жағдай жасаймыз.Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді.Оқушы үшін тіл өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады.Бұл бағытта негізгі лингвистикалық жұмысты қарым-қатынас түрінде жүргізіп,бір мезгілде іске асыаымыз.Жаңа технологияларды қолдана кепе сабақ бойы біз бүкіп топтың жұмыс істеуін тапап етеміз,сондықтан өткізген сабағымыз мазмұнды,интенсивті болады.
 - Қазақ тілі сабағында компьютеді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады.Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады,өйткені, кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп,көмекке келеді.
 - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді.Осы технологиялардың ішінде жобалау әдісі арқылы оқыту-тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады.
 - Оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білімдерін бі жүйеге келтіру мақсатында ақпараттық оқыту жүйесіндегі жобалау технологиясын қолдана бастадық.
 - Жобалау технологияның маңыздылығы- оқушыладың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді.Жоба түсінігі бойынша алынып отырған идея теориялық және практикалық тұрғыда шешіледі.Осы технология белгіленген нәтижеге жетіп,қорытынды шығаруға бағытталған. Қорытындыға жету барысында оқушылар ойланып,мәселені шешу баысында алан білімдеріне сүйене отырып ізденеді.Кез-келген уақыт мерзімінде оқушылардың жекеше,жұптық ,топтық жұмыс істеу іскеліктерін әрқашан жобалау тәсілі бойынша іске асырылады.
- Сонымен қатар оқушылар интеллектуалдық, шығамашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады. Осы технологияның тағы бір тиімді белгілерінің бірі –оқушының оқу белсенділігі. Бұл технологиялардың бір ерекшелігі сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Жобалау әдісі ХХ ғасырдың технологиясына кіріп басқа елдерде бұрыннан қолданылса да,біздің елде соңғы жылдарда ғана қолданылуда.
- Жобаны ғалымдар пәндік-мазмұндық белгілеріне қарай,үйлестіру сипатына қарай,әрекет түріне қарай, жобаға қатысатын адамдар санына қарай,жобаның жүру мерзіміне қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Пәндік-мазмұндық белгілеріне қарай шағын жобалар және пәнаралық жобалар деп, үйлестіру сипатына қарай ашық және жабық деп, әрекет түріне қарай ізденушілік жоба, шығармашылық жоба, ақпараттық жоба, рөлдік ойындар түріндегі жобалар, тәжірибелерге арналған жобалар деп бөлінеді. Атап айтқанда, бір жобаның аясында оқушылар ізденушілік те, шығармашылықта та, ақпараттық та жұмыстар жүргізеді.

Жоба әдісін қолдануда оқушылар өз бетімен қажетті хабарды жинауға дағдыланып, өздік шығармашылық қабілеттерін арттырады. Жоба әдісінің басты мақсаты – тәжірибе жүзінде толықтыруды талап ететін маңызды тапсымаларды орындау барысында студенттің өздігінен білім алуына жағдай жасау.

Жоба тапсырмаларын орындау үстінде көбінесе оқушылар жұптасып, немесе үш-үштен бірігіп, немесе шағын топпен жұмыс істейді. Табысқа жету ұжымдағы әрбір мүшенің тілдік қатынасқа құрылған жоба тапсырмаларын дұрыс орындауына және ұжымның жаппай ұйымшылдықпен жұмыс істеуіне байланысты.

Жобада оқытушы сарапшы, үйлестіруші немесе қосымша мәліметтеді беруші рөлін атқарады. Өз күшімен жоба-тапсыманы орындауда тіл үйренушілер өз жұмыстарын жоспалау, оның нәтижесін болжау, бірігіп жұмыс істеу сияқты өз бетінше жұмыс істеу тәсілдерін меңгереді.

“Инновация” деген сөз – латынның жаңалық және енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы “жаңару, жаңалық, өзгеру” деген мағынаны білдіеді.

Зерттеулер бойынша “инновация” – педагогикалық категорияға жатады және мектептегі құбылысқа тың жаңалық; жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын әдіс-тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемнің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау, мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлауына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Инновациялық іс-әрекет – дәстүрлі іс-әрекеттен түбілі түрде ерекшеленіп тұратын индивид қызметінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады.


Білім берудегі инновациялар арнайы жобаланған, әзірленген немесе педагогикалық бастама ретінде кездейсоқ ашылған жаңалықтар болып табылады.

Қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі, сол қоғам мүддесіне лайықты болуы керек. Қазақтың бүгінгі мен ертеңі жас ұрпақтың еншісінде дейтін болсақ, жас ұрпаққа білім беру ісін де әлемдік стандартқа сәйкес білім беруді темірқазық қылып ұстасақ қателеспеспіз.

Қорыта келгенде, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа технология элементтерін тиімді пайдаланып отыру оқушының ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін, тіл байлығын, шығармашылық талабын дамыту барысында біршама нәтижесін бере алады деп ойлаймын.

□ 1.Топтастыру стратегиясы.

- -Оқушыларды еркін ойлауға;
- -бірлесіп ізденуге;
- -тақырыпты ашып талқылауға бағытталған оқыту стратегиясы.
- Қандай? Не үшін? Неге тәрбиелейді?




2. ВЕНН ДИАГРАММАСЫ

- Жаңа сабақты пысықтау.
- Екі түрлі нәрсені ерекше қасиеттерін бөліп көрсету және екеуіне ортақ қасиеттерді табу.


□ Ауызша тіл

Жазбаша тіл



3. ТҮСІНІКТЕМЕ КҮНДЕЛІГІ

- Берілген сөйлемдерге жан-жақты талдау. Өз пікірін білдіреді. Бастауыш сыныптардан тіл білімінің фонетика саласымен таныс болғандықтан фонетикалық талдауды дыбыстарға сатылай комплексті талдау мен математикалық тәсілмен талдаттым.
- Ол үшін педагогика ғылымының кандидаты, доцент Н.Оразқынованың сатылай комплексті талдау сызбаларын тиімді пайдаланып отырамын.
- “Фонетика” тарауын өткенде мына сызбаны қолдандым.



МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТӘСІЛМЕН ДЫБЫСТАРДЫ ТАЛДАУ.

□ Оқушыладың қызығушылығын, логикалық ойлау қабілетін арттыру мақсатында дыбыстарды математикалық тәсілмен талдаттым.

□ ○ -жалпы дыбыс белгісі ~~○~~ "жоқ деген белгі"

□ -дауысты дыбыс △ -дауыссыз белгі

Егіншілерімізге ○ $x =$ □ + △ ○

Бер:

Шешуі: 15 ○ = 7(е3, і4) □ + 8(ә2, н, ш, л, р, м, з) △

1) т.қ.қ. 7 = ~~○~~ жуан
□ 7(е3, і4) жіңішке




2) Ж.қ.қ. 7 = 3(е3) ашық
□ 3(і4) қысаң

5. “СӘККЕЙ” ОЙЫНЫ

- ▣ *Тақырыпты түйіндеп терең ойды, сезімді қысқа сөзбен қазақ тілімен байланыстыра отырып жеткізу.*

Мәтіннен үзінді	Жауап	Идея
<p>Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. (А.Байтұсынов)</p>	<p>Адам баласы тілсіз өмір сүре алмайды. Оның хайуаннан артықшылығы тілінде.</p>	<p>Тілден қымбат қазына жоқ.</p>

▣ *Топтастыру*



□ Кубизм

□ Кубикті шыырып, түскен бетіндегі нөмірге сәйкес сұрақтарға жауап береді.

□ 1. Сипаттау.

□ Шыңғысхан нөкерлерінің зұлымдығын сипатта.

□ 2. Салыстырыңыз.

□ Шығарманы Қуандық Шаңғытбаевтың “Сабалақ” өлеңімен салыстыр

□ 3. Зерттеңіз.

□ Оқиға қай ғасырда, қай жерде болған?

□ 4. Қолданыңыз.

□ Мәтіндегі диалог пен монологты пайдаланып, рөлдерге бөліп, жатқа айтыңдар

□ 5. Не ойлайсыз?

□ “Отырар” поэмасының негізгі идеясы не деп ойлайсыз?

□ 6. Талқылаңыз.

□ Шыңғысханды мадақтайсыз ба? Талқылаңыз.

ТҮСІНІКТЕМЕ КҮНДЕЛІГІ.

- Берілген мәтіндегі теңеу, метафора, эпитеттерді оқушылар табады
- Бұл тақырыпты өткенде оқушылардың үй тапсырмасын орындауда Б.Блум жүйесі бойынша өз беттерінше сызған жұмыстары мынадай:

романдары	поэмалары	өлеңдері	әндері
“Жазагер жады космофомуласы”, “Өркениеттің адасуы”, “Атлантиданы қиратқан алма”, т.б.	“Танакөз”, “Сейхундария”, “Күре тамырды іздеу”, “Сенім патшалығы”, т.б.	“Ғашықтық ғаламаты”, “Эверестке шығу”, “Тоқшылық”, “Отан”, “Алтын, күміс және қалайы”, т.б.	“Жұбайлар жыры”, “Туған күн кешінде”, “Ерлер достығы”, “Арал қасіреті”, “Желтоқсан қасіреті”, т.б.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ~~Қ.Ж.Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология.(оқулық) Тараз. ТарМУ, 2003ж.~~
2. Қ.Өстеміров, А.Айтбаева, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006ж.
3. Педагогика жаршысы №4 2010ж.
4. Қазақ тілі мен әдебиеті №5,6 2009ж.
5. Қасымова, Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 5 -сыныбына арналған оқулық. Алматы, Атамұра, 2001ж.
6. Ә.Дайыр, Қ.Айтқалиев, Г.Құманбаева, Ш.Беркімбаева. Жалпы білім беретін мектептің 5 -сыныбына арналған оқулық. Алматы, Атамұра, 2001ж.
7. Қысабекова Тоты. Жаңаша оқыту өмір талабы. “Мектеп” журналы №9/12/.
8. М.Шаханов. Бөдене таланттар мен Қажымұқандар, Алматы, Рух-дария, 2004ж.
9. М.Шаханов. Жаңа қазақтар, Алматы, 2003ж.
10. М.Шаханов. Таңдамалы жырлар, Алматы, 1997ж.
11. М.Әуезов, Алтын Орда, 9мамыр, 2003ж.
12. Мұртаза Бұлұтай. Бурханизм туралы шындық, Арыс, 2003ж.